Қазақстан Республикасының
П р е з и д е н т і

# Ж А Р Л Ы Қ

П р е з и д е н т
Республики Казахстан

# У К А З

Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында және республикалық баспасөзде жариялануға тиіс

**«Республикалық бюджет жобасын әзірлеу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 26 тамыздағы № 861 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы**

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Республикалық бюджет жобасын әзірлеу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 26 тамыздағы № 861 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., № 36, 342-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген Жарлықпен бекітілген Республикалық бюджет жобасын әзірлеу қағидалары осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті** **Н.Назарбаев**

Астана, Ақорда, 2013 жылғы 30 мамыр

№ 575

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копии запрещается.
05585

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2013 жылғы 30 мамырдағы
№ 575 Жарлығына
ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2009 жылғы 26 тамыздағы
№ 861 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

# Республикалық бюджет жобасын әзірлеу ҚАҒИДАЛАРЫ

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Республикалық бюджет жобасын әзірлеудің осы қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес әзірленді және республикалық бюджет жобасын әзірлеу тәртібін айқындайды.

2. Республикалық бюджет жобасын әзірлеу процесі мынадай кезеңдерді:

1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын әзірлеуді және оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің мақұлдауын;

2) орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының жобаларын немесе стратегиялық жоспарларына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын, бюджеттік өтінімдерді әзірлеуді және оларды Республикалық бюджет комиссиясының қарауын;

3) республикалық бюджет туралы заң жобасын әзірлеуді қамтиды.

## 2. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын әзірлеу

3. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді.

4. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамын әзірлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

## 3. Орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының жобаларын немесе стратегиялық жоспарларына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын әзірлеу, басым бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстар тұжырымдау, стратегиялық жоспарлар мен бюджеттік өтінімдер әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын әзірлеу

5. Республикалық бюджет шығыстарын жоспарлау үшін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері:

1) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ағымдағы қаржы жылының 1 сәуіріне дейінгі мерзімде стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын, сондай-ақ басым бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстарды;

2) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ағымдағы қаржы жылының 15 мамырына дейінгі мерзімде бюджеттік өтінімдерді және стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындыларын есепке ала отырып, стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын ұсынады.

Стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік өтінімдерді және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын ұсынады.

6. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің тиісті жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік өтінімдерін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіпте қарау кезінде:

1) өткен қаржы жылындағы бюджеттік бағдарламалардың атқарылуын талдау және оларды келесі жоспарлы кезеңге арналған бюджеттік өтінімде ұсынылған бюджеттік бағдарламалардың сомаларымен салыстыру арқылы өткен қаржы жылы үшін республикалық бюджеттің атқарылу нәтижелері, әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша бюджеттік қаражаттың игерілмеуіне әкеп соқтырған себептер;

2) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынған есепті қаржы жылы үшін стратегиялық жоспарлардың іске асырылуы туралы есептер және бюджеттік бағдарламалардың нәтижелеріне қол жеткізу бөлігінде бюджет қаражатын басқару бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері;

3) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері өтінім берген шығыстарды оның негізділігі тұрғысынан қарау бөлігінде өткен қаржы жылы үшін республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебіне Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті берген қорытындылар мен ұсынымдар ескеріледі;

4) жаңа бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша жобаның өтімділігі, жоба аяқталғаннан кейін оны ұстауға арналған шығыстардың негіздемесі, жалғасатын бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша – бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыру мониторингінің нәтижелері қаралады;

5) бюджеттік кредиттер бойынша кредиттік шарт талаптарын орындау және нысаналы мақсат бойынша бюджеттік кредитті пайдалану ескеріледі;

6) шешілуіне нысаналы трансферттер бойынша келісім жобаларында көзделген нысаналы трансферттер бөлінетін нысаналы трансферттер бойынша мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді талдау ескеріледі.

7. Мемлекеттік органның стратегиялық жоспары Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының, әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізінде әр үш жыл сайын бес жылдық кезеңге әзірленеді.

8. Республикалық бюджет шығыстары базалық шығыстарға және жаңа бастамаларға арналған шығыстарға бөлінеді.

Тұрақты сипаттағы шығыстар, күрделі шығыстар, сондай-ақ бюджеттен қоса қаржыландыру жағдайларында басталған (жалғасатын) бюджеттік инвестициялық жобаларға және концессиялық жобаларға арналған шығыстар базалық шығыстар болып табылады.

Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді орындауға және мемлекеттік қызметтер көрсетуге, сондай-ақ трансферттер төлеуге және мемлекеттің басқа да міндеттемелеріне байланысты шығыстар тұрақты сипаттағы шығыстар болып табылады.

Жаңа бастамаларға арналған шығыстарға:

1) кейіннен жаңа бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржыландырылатын стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкес әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа басым бағыттарын іске асыруға;

2) макроэкономикалық және әлеуметтік көрсеткіштердің өзгеруіне байланысты емес және қолданыстағы бюджеттік бағдарламалар шеңберінде бюджет қаражатын жұмсаудың қосымша бағыттарын (орындалатын мемлекеттік функциялардың, өкілеттіктердің және көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің көлемін кеңейтуді) көздейтін базалық шығыстарды ұлғайтуға бағытталған шығыстар жатады.

9. Республикалық бюджеттің базалық шығыстарға және жаңа бастамаларға арналған шығыстарының көлемін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арасында бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның ұсыныстары негізінде және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысын ескере отырып, Республикалық бюджет комиссиясы бөледі.

Базалық шығыстар шығыстардың қолданыстағы құрылымы мен болжамды макроэкономикалық көрсеткіштер негізінде есептелген кезекті жоспарлы кезеңнің үшінші жылына арналған болжамды көлемді қоса отырып, ағымдағы жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдары шығыстарының бекітілген көлемі негізінде айқындалады.

Жаңа бастамаларға арналған шығыстар стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда белгіленген елдің даму басымдықтарын, есепті қаржы жылының бюджеттік мониторингі нәтижелерін, есепті қаржы жылында стратегиялық жоспарды іске асыру туралы есептерді, нәтижелерді бағалауды ескере отырып, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің арасында бөлінуге жатады.

10. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жаңа бастамаларына арналған шығыстарды жоспарлау қосымша бюджет қаражатын бөлу есебінен де, өткен жоспарлы кезеңде республикалық бюджет туралы заңда бекітілген осы бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің базалық шығыстары қаражатын қайта бөлу есебінен де жүзеге асырылады.

11. Егер жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша өткен жоспарлы кезеңнің екінші және үшінші жылдарының шығыстар сомасы республикалық бюджет туралы заңда осы бағдарламалар бойынша бекітілген сомамен салыстырғанда өзгермейтін болса, онда осы бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша шығыстардың түрлері бойынша есептер жасалмайды.

Осы бағдарламалар бойынша шығыстардың түрлері бойынша есептер үшінші жылға ғана жасалады.

Егер жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша өткен жоспарлы кезеңнің екінші және (немесе) үшінші жылдарының шығыстар сомасы республикалық бюджет туралы заңда осы бағдарламалар бойынша бекітілген сомамен салыстырғанда өзгеретін болса, онда шығыстардың түрлері бойынша есептеулер жоспарланатын жоспарлы кезеңнің жылдары бөлінісінде осы бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша жасалады және ұсынылады.

12. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын және басым бюджеттік инвестициялар бойынша ұсыныстарды олардың стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға, елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган стратегиялық жоспарлардың жобаларын немесе оларға өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын қарау нәтижелері бойынша он күн ішінде қорытындыларды қалыптастырады және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган анықтайтын нысан бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне жібереді.

13. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысын ескере отырып, стратегиялық жоспарлардың жобасын немесе стратегиялық жоспарларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын пысықтайды, бюджеттік өтінім жасайды және Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 66-бабының 1-тармағында белгіленген мерзімде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

14. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган:

1) республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін олардың Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасына, әлеуметтік-экономикалық даму болжамына, мемлекеттік қызметтің қолданыстағы заттай нормаларына және стандарттарына сәйкестігі тұрғысынан;

2) стратегиялық жоспарлар жобаларының немесе стратегиялық жоспарларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобаларының құрамында ұсынылған бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштерін олардың стратегиялық мақсаттармен, стратегиялық бағыттардың міндеттерімен өзара байланыстылығы тұрғысынан;

3) стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларында ұсынылған нәтижелілік пен тиімділік көрсеткіштерін олардың бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қызметінің функцияларына, өкілеттіктеріне, бағыттарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

15. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік өтінімдер мен стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын қарау қорытындылары бойынша және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның қорытындысын ескере отырып, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығыстары бойынша қорытындыны қалыптастырады және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына жібереді.

Бұл ретте республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының көлеміне әлеуметтік-экономикалық даму болжамында көзделмеген жаңа бастамаларға арналған шығыстар енгізілмеуге тиіс.

Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган, бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган арасындағы келіспеушіліктерді Республикалық бюджет комиссиясы қарайды.

Республикалық бюджет комиссиясы республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің шығыстары бойынша қорытындыны қарайды және ол бойынша ұсыныстар тұжырымдайды.

16. Республикалық бюджет комиссиясы бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган қарауға дайындаған материалдарды Республикалық бюджет комиссиясының жұмыс органы жасайтын және Республикалық бюджет комиссиясының төрағасы келісетін жоспар-кестеге сәйкес қарайды. Республикалық бюджет комиссиясының төрағасымен келісілген жоспар-кесте республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жеткізіледі.

17. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Республикалық бюджет комиссиясының ұсыныстарына сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға – ағымдағы қаржы жылының 1 тамызына дейінгі мерзімде пысықталған бюджеттік өтінімдерді, стратегиялық

жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға – стратегиялық жоспарлардың пысықталған жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын ұсынады.

## 4. Республикалық бюджет туралы заң жобасын әзірлеу

18. Республикалық бюджетті бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әлеуметтік-экономикалық даму болжамын, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларын қарау нәтижелері бойынша қорытындыларын ескере отырып, жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірлейді және оны Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

19. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган Республикалық бюджет комиссиясының республикалық бюджет жобасы бойынша ұсыныстары негізінде республикалық бюджет туралы заңның жобасын әзірлейді және ағымдағы қаржы жылының 15 тамызынан кешіктірмей оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсынады.

20. Республикалық бюджет туралы заңның жобасы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 13-бабында көзделген бюджет құрылымына сәйкес Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 71-бабында көзделген талаптар ескеріле отырып әзірленеді.

21. Республикалық бюджет туралы заңның жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметі ағымдағы қаржы жылының 1 қыркүйегінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі республикалық бюджет туралы заңның жобасымен бір мезгілде мынадай құжаттар мен материалдарды:

1) республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын;

2) орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының жобаларын немесе стратегиялық жоспарларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобаларын;

3) стратегиялық жоспарлар әзірлемейтін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын;

4) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың соңғы есепті күнгі жай-күйі туралы деректерді;

5) бюджеттік бағдарламалардың бюджеттік кіші бағдарламалары бөлінісінде бюджет қаражатының жұмсалу бағытын нақтылайтын ақпаратты және республикалық бюджеттің жобасына енгізілген шешімдерді ашып көрсететін түсіндірме жазбаны ұсынады.

Қазақстан Республикасының
Президенті
ЖАРЛЫҚ

Президент
Республики Казахстан
УКАЗ

Подлежит опубликованию в Собрании актов Президента и Правительства Республики Казахстан и республиканской печати

**О внесении изменения в Указ Президента Республики Казахстан от 26 августа 2009 года № 861 «Об утверждении Правил разработки проекта республиканского бюджета»**

**ПОСТАНОВЛЯЮ**:

1. Внести в Указ Президента Республики Казахстан от 26 августа 2009 года № 861 «Об утверждении Правил разработки проекта республиканского бюджета» (САПП Республики Казахстан, 2009 г., № 36, ст. 342) следующее изменение:

Правила разработки проекта республиканского бюджета, утвержденные вышеуказанным Указом, изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему Указу.

2. Настоящий Указ вводится в действие со дня первого официального опубликования.

**Президент**
**Республики Казахстан** **Н.Назарбаев**

Астана, Акорда, 30 мая 2013 года

№ 575

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.
05586

ПРИЛОЖЕНИЕ
к Указу Президента
Республики Казахстан
от 30 мая 2013 года
№ 575

УТВЕРЖДЕНЫ
Указом Президента
Республики Казахстан
от 26 августа 2009 года № 861

# ПРАВИЛА
# разработки проекта республиканского бюджета

## 1. Общие положения

1. Настоящие Правила разработки проекта республиканского бюджета (далее - Правила) разработаны в соответствии с Бюджетным кодексом Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года и определяют порядок разработки проекта республиканского бюджета.

2. Процесс разработки проекта республиканского бюджета включает в себя следующие этапы:

1) разработка проекта прогноза социально-экономического развития Республики Казахстан и его одобрение Правительством Республики Казахстан;

2) разработка проектов стратегических планов или проектов изменений и дополнений в стратегические планы центральных государственных органов, проектов бюджетных программ администраторов бюджетных программ, не разрабатывающих стратегические планы, бюджетных заявок и их рассмотрение Республиканской бюджетной комиссией;

3) разработка проекта закона о республиканском бюджете.

## 2. Разработка проекта прогноза социально-экономического развития Республики Казахстан

3. Прогноз социально-экономического развития Республики Казахстан разрабатывается центральным уполномоченным органом по государственному планированию.

4. Порядок разработки прогноза социально-экономического развития Республики Казахстан определяется Правительством Республики Казахстан.

## 3. Разработка проектов стратегических планов или проектов изменений и дополнений в стратегические планы центральных государственных органов, выработка предложений по приоритетным бюджетным инвестициям, разработка проектов бюджетных программ администраторов бюджетных программ, не разрабатывающих стратегические планы и бюджетных заявок

5. Для планирования расходов республиканского бюджета администраторы республиканских бюджетных программ представляют:

1) в центральный уполномоченный орган по государственному планированию в срок до 1 апреля текущего финансового года проекты стратегических планов или проекты изменений и дополнений в стратегические планы, а также предложения по приоритетным бюджетным инвестициям;

2) в центральный уполномоченный орган по бюджетному планированию в срок до 15 мая текущего финансового года – бюджетные заявки и проекты стратегических планов или проекты изменений и дополнений в стратегические планы с учетом заключений центрального уполномоченного органа по государственному планированию.

Администраторы республиканских бюджетных программ, не разрабатывающие стратегические планы, представляют в центральный уполномоченный орган по бюджетному планированию бюджетные заявки и проекты бюджетных программ.

6. При рассмотрении бюджетных заявок администраторов республиканских бюджетных программ на соответствующий плановый период в порядке, определяемом центральным уполномоченным органом по бюджетному планированию, учитываются:

1) результаты исполнения республиканского бюджета за истекший финансовый год путем анализа исполнения бюджетных программ в истекшем финансовом году и сопоставления их с суммами бюджетных программ, представленными в бюджетной заявке на следующий плановый период, причины, повлекшие неосвоение бюджетных средств по каждой бюджетной программе;

2) отчеты о реализации стратегических планов за отчетный финансовый год, представленные администраторами республиканских бюджетных программ, и результаты оценки эффективности деятельности государственных органов по управлению бюджетными средствами в части достижения результатов бюджетных программ;

3) выводы и рекомендации, данные Счетным комитетом по контролю за исполнением республиканского бюджета к отчету Правительства Республики Казахстан об исполнении республиканского бюджета за истекший финансовый год в части рассмотрения заявленных администраторами республиканских бюджетных программ расходов на предмет их обоснованности;

4) по новым бюджетным инвестиционным проектам рассматриваются окупаемость проекта, обоснование расходов на его содержание после

завершения проекта, по продолжающимся бюджетным инвестиционным проектам - результаты мониторинга реализации бюджетного инвестиционного проекта;

5) по бюджетным кредитам учитывается выполнение условий кредитного договора и использование бюджетного кредита по целевому назначению;

6) по целевым трансфертам анализ достижения целей и задач, на решение которых выделяются целевые трансферты, предусмотренные в проектах соглашений по целевым трансфертам.

7. Стратегический план государственного органа разрабатывается каждые три года на пятилетний период на основе стратегических и программных документов Республики Казахстан, прогноза социально-экономического развития.

8. Расходы республиканского бюджета подразделяются на базовые расходы и расходы на новые инициативы.

Базовыми расходами являются расходы постоянного характера, капитальные расходы, а также расходы на начатые (продолжающиеся) бюджетные инвестиционные проекты и концессионные проекты на условиях софинансирования из бюджета.

Расходами постоянного характера являются расходы, связанные с выполнением государственных функций, полномочий и оказанием государственных услуг, а также с выплатами трансфертов и другими обязательствами государства.

К расходам на новые инициативы относятся расходы, направленные на:

1) реализацию новых приоритетных направлений социально-экономического развития в соответствии со стратегическими и программными документами, в последующем финансируемых по новым бюджетным программам;

2) увеличение базовых расходов, не связанное с изменением макроэкономических и социальных показателей и предусматривающее дополнительные направления расходования бюджетных средств (расширение объема выполняемых государственных функций, полномочий и оказываемых государственных услуг) в рамках существующих бюджетных программ.

9. Объемы расходов республиканского бюджета на базовые расходы и новые инициативы распределяются между администраторами республиканских бюджетных программ Республиканской бюджетной комиссией на основании предложений центрального уполномоченного органа по бюджетному планированию и с учетом заключения центрального уполномоченного органа по государственному планированию.

Базовые расходы определяются на основе утвержденных объемов расходов второго и третьего годов текущего планового периода с добавлением прогнозных объемов на третий год очередного планового периода, рассчитанных на основе существующей структуры расходов и прогнозных макроэкономических показателей.

Расходы на новые инициативы подлежат распределению между администраторами республиканских бюджетных программ с учетом приоритетов развития страны, обозначенных в стратегических и программных документах, результатов бюджетного мониторинга отчетного финансового года, отчетов о реализации стратегического плана за отчетный финансовый год, оценки результатов.

10. Планирование расходов на новые инициативы администратора бюджетных программ осуществляется как за счет выделения дополнительных бюджетных средств, так и за счет перераспределения средств базовых расходов этого администратора бюджетных программ, утвержденных в законе о республиканском бюджете в предыдущий плановый период.

11. Если по отдельным бюджетным программам сумма расходов второго и третьего годов предыдущего планового периода не меняется по сравнению с суммой, утвержденной по данным программам в законе о республиканском бюджете, то расчеты по видам расходов по данным программам (подпрограммам) не составляются.

Расчеты по видам расходов по данным программам составляются только на третий год.

Если по отдельным бюджетным программам сумма расходов второго и (или) третьего годов предыдущего планового периода меняется по сравнению с суммой, утвержденной по данным программам в законе о республиканском бюджете, то расчеты по видам расходов составляются и представляются по данным программам (подпрограммам) в разрезе годов планируемого планового периода.

12. Центральный уполномоченный орган по государственному планированию рассматривает проекты стратегических планов или проекты изменений и дополнений в стратегические планы и предложения по приоритетным бюджетным инвестициям на предмет их соответствия стратегическим и программным документам, прогнозу социально-экономического развития страны, бюджетному и иному законодательству Республики Казахстан.

Центральный уполномоченный орган по государственному планированию по результатам рассмотрения проектов стратегических планов или проектов изменений и дополнений в них в течение десяти дней формирует заключения и направляет администратору республиканских бюджетных программ по форме, определяемой центральным уполномоченным органом по государственному планированию.

13. Администратор республиканских бюджетных программ с учетом заключения центрального уполномоченного органа по государственному планированию дорабатывает проект стратегического плана или проект изменений и дополнений в стратегический план, составляет бюджетную заявку и в срок, установленный пунктом 1 статьи 66 Бюджетного кодекса Республики Казахстан, представляет в центральный уполномоченный орган по бюджетному планированию.

14. Центральный уполномоченный орган по бюджетному планированию рассматривает:

1) бюджетные заявки администраторов республиканских бюджетных программ на предмет их соответствия бюджетному и иному законодательству Республики Казахстан, прогнозу социально-экономического развития, действующим натуральным нормам и стандартам государственных услуг;

2) показатели бюджетных программ, представленных в составе проектов стратегических планов или проектов изменений и дополнений в стратегические планы, на предмет их взаимосвязи со стратегическими целями, с задачами стратегических направлений;

3) показатели результативности и эффективности, представленные в проектах бюджетных программ администраторов республиканских бюджетных программ, не разрабатывающих стратегические планы, на предмет их соответствия функциям, полномочиям, направлениям деятельности администратора бюджетных программ.

15. Центральный уполномоченный орган по бюджетному планированию по итогам рассмотрения бюджетных заявок и проектов бюджетных программ администраторов бюджетных программ, не разрабатывающих стратегические планы, и с учетом заключения центрального уполномоченного органа по государственному планированию формирует заключение по расходам администраторов республиканских бюджетных программ и направляет на рассмотрение Республиканской бюджетной комиссии.

При этом в объем расходов администраторов республиканских бюджетных программ не должны включаться расходы на новые инициативы, не предусмотренные прогнозом социально-экономического развития.

Разногласия между администраторами республиканских бюджетных программ и центральным уполномоченным органом по государственному планированию, центральным уполномоченным органом по бюджетному планированию рассматриваются Республиканской бюджетной комиссией.

Республиканская бюджетная комиссия рассматривает заключение по расходам администратора республиканских бюджетных программ и вырабатывает по нему предложения.

16. Республиканская бюджетная комиссия рассматривает подготовленные центральным уполномоченным органом по бюджетному планированию к рассмотрению материалы в соответствии с планом-графиком, составляемым рабочим органом Республиканской бюджетной комиссии и согласуемым с председателем Республиканской бюджетной комиссии. Согласованный с председателем Республиканской бюджетной комиссии план-график доводится до администраторов республиканских бюджетных программ.

17. Администраторы республиканских бюджетных программ в соответствии с предложениями Республиканской бюджетной комиссии представляют в центральный уполномоченный орган по бюджетному планированию доработанные бюджетные заявки, проекты бюджетных

программ администраторов бюджетных программ, не разрабатывающих стратегические планы, в центральный уполномоченный орган по государственному планированию – доработанные проекты стратегических планов или проекты изменений и дополнений в стратегические планы в срок до 1 августа текущего финансового года.

### 4. Разработка проекта закона о республиканском бюджете

18. Республиканский бюджет ежегодно разрабатывается на плановый период центральным уполномоченным органом по бюджетному планированию с учетом прогноза социально-экономического развития, заключений центрального уполномоченного органа по государственному планированию по результатам рассмотрения стратегических планов государственных органов и вносится на рассмотрение Республиканской бюджетной комиссии.

19. Центральный уполномоченный орган по бюджетному планированию на основе предложений Республиканской бюджетной комиссии по проекту республиканского бюджета разрабатывает проект закона о республиканском бюджете и не позднее 15 августа текущего финансового года представляет его на рассмотрение в Правительство Республики Казахстан.

20. Проект закона о республиканском бюджете разрабатывается в соответствии со структурой бюджета, предусмотренной статьей 13 Бюджетного кодекса Республики Казахстан, с учетом требований, предусмотренных статьей 71 Бюджетного кодекса Республики Казахстан.

21. Проект закона о республиканском бюджете вносится Правительством Республики Казахстан в Парламент Республики Казахстан не позднее 1 сентября текущего финансового года.

Правительство Республики Казахстан одновременно с проектом закона о республиканском бюджете представляет следующие документы и материалы:

1) прогноз социально-экономического развития республики;

2) проекты стратегических планов или проекты изменений и дополнений в стратегические планы центральных государственных органов;

3) проекты бюджетных программ администраторов бюджетных программ, не разрабатывающих стратегические планы;

4) данные о состоянии государственного и гарантированного государством долга на последнюю отчетную дату;

5) информацию, конкретизирующую направления расходования бюджетных средств в разрезе бюджетных подпрограмм бюджетных программ, и пояснительную записку, раскрывающую решения, заложенные в проекте республиканского бюджета.